

ТАНЫМ САЛАСЫ
ЕРЕСЕК ТОП
ДИДАКТИКАЛЫҚ
ОЙЫНДАР
КАРТОТЕКАСЫ



Картотека №1
«Жер, су, ауа»

Ойын мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.

Ойын шарты: Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып
«Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады,

«Су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды.

«Ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың аттарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.



A cartoon grey rabbit with large ears and a pink nose is holding a large rectangular sign. The rabbit is smiling and has its hands on the sides of the sign. The background of the entire page is a colorful illustration of a sunny day with a blue sky, white clouds, a large green tree, a yellow house with a red roof, and a path with flowers and bees.

Картотека №2

«Жапырақты ажырат»

Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру. Сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: әр түрлі жапырақтар

Ойын шарты: жапырақтарды салыстыру, қай ағаштың жапырағы екенін табу.

Картотека №3 **«Затты сипаттау»**

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын байыту.
Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойын шарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.

Бала ыдыстан немесе қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады. және қасиеттерін айтады.



Картотека №4
«Не қайда өседі»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру.
Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.



Картотека №5

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.

Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атау.



Картотека №6

«Табиғат құбылыстарын ата»

Мақсаты: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. **Көрнекіліктер:** қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратуға үйрету. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін өз ойларымен айта білуге үйрету.



Картотека №7

«Нан дастарханға қалай келеді?»

Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтыра отырып, диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диқаншы, комбайын, элеватор, диірмен, ұн, дүкенші.

Көрнекіліктер: егін даласына қажетті суреттер
Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді қажетті суреттермен толықтыру.



Картотека №8

«Бұл қандай құс?»

Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.

Көрнекіліктер: құстардың суреттері.

Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының өз қасиетін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар?(тоқылдақ орман дәргері, қарлығаш адамның досы)



Картотека №9
«Үй жануарлары»

Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс атауға, оларды қорғай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: үй жануарларының, төлдердің суреті.

Ойын барысы: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі, олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады. Сонымен бірге дене мүшелерін де атап, үй жануарлары туралы жұмбақтар жасыру.



Картотека №10
«Жалпы атауын ата»

Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.

Көрнекілік: жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары
Ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды

Мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар.



Картотека №11
«Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: әр түрлі мамандықтар суреттері

Ойын барысы: суреттер тақтаға іленеді.

Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын, қандай қасиеті барлығын әңгімелейді.



Картотека №12

«Не артық?»

Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.

Көрнекіліктер: Әр түрлі бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып, оларды жалпы атауын айтады. Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерін бекітеді.



Карточка №13

«Гүлдер біздің досымыз»

Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін ажырата білуге үйрету. Гүлдер тірі табиғатқа жататынын сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсіндіру

Ойын шарты: гүлдерді екіге топқа бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгімелету.



Картотека №14

«Құстарға көмектесеміз?»

Мақсаты: Балаларға құстар туралы түсінік беру, Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.

Ойын шарты: суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру.

Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.

- Қыстап қалатын құстарға қалай көмектесеміз?
- Құстар ұяны не үшін салады?
- Құстардың денесін не жауып тұрады?
- Құстардың бізге қандай пайдасы бар?
- Қандай құсты орман дәрігері дейміз?



Картотека №15
«Қоянға көмектесеміз»

Ойын мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.

Ойын шарты: Қоян қонаққа келіп, балалармен бірге ойнағысы келеді. Балалар көздерің жұмады, ал қоян бұл кезде көкөністердің қасына сандарды қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай санның тұрғанын айтып берулерің керек. Тапқан балаға жұлдызша беріледі.

Ойын 3-4 рет қайталанады.



Картотека №16

«Телефон»

Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: телефон.

Ойын шарты: телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізесіндер. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей етіп айтуымыз керек. Егер телефон үзіліп қалса, телефонды үзген бала айыбын төлейді.

(Мысалы: мақал, өлең, т.б. білгенін айтуға болады)

Телефон арқылы екі бала:

Алло! Сәлеметсің бе, Адина?

Иә Сәлеметсің бе? Бұл кім екен?

Не істеп жатырсың?



Картотека №17

«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»

Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.

Сөздік қорын молайту.

Көрнекіліктер: теледидар, әр түрлі жануарлар, құстар, аңдар суреттері.

Ойын шарты: әр түрлі аңдар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінің сұрайды.

Олардың немен қоректенетінің айтқызады.

Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін, тапсырманы түрлендіруге болады.

Олар туралы балалардың білетін өлең, жұмбақтарын айтқызады.



Картотека №18

«Бұл қай мезгіл?»

Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу.
Сөздік қорын байыту.

Көрнекіліктер: күзгі жапырақтар, суреттер.
Ойын шарты: күзгі бау-бақшадағы жемістер
Мен көкіністердің аттарын атап, пішіндерін,
түстерін ажыратады. Күздегі егін жинауды
өмірмен байланыстыра айтады.
Күзгі жапырақтардың түстерін ажыратады.
Олардың ерекшеліктеріне тоқталады.
Күзгі ауа-райының ерекшелігін айтады.



Картотека №19
«Қысқы тіршілік»

Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын ататын, оларды ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: қысқы орман көрінісі, құстар суреті.

Ойын шарты: балалар жалпы құстардың ішінен қыстап қалатын құстардың аттарын жеке-жеке атап, оларды тауып, орман ағаштарына орналастырады.

Ол құстардың қалай дыбыстайтынын ажыратады.

Қыстап қалатын құстар тіршілігі туралы ойларын айтады..

Қыстап қалатын құстарға қандай қамқорлық жасауға болатынын айтады.

Мақал-мәтел, жұмбақ шешкізу.



Картотека №20

«Сән ательесі»

Мақсаты: балаларды суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдермен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға, тапқырлық шапшаңдыққа баулу.

Көрнекіліктер: жаңаша киімдер, ұлттық киімдер, хатқалта.

Ойын шарты: хатқалта салынған әр түрлі киімдердің үлгісі балаларға таратылып беріледі.

Балалар киімдер және ұлттық киімдердің аттарын атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады.

Ол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрайды. Киімді неден тігетінін, оны кімдер тігетінін айтқызады.

